



ТИІСТІ ШЕШІМДЕР, НАҚТЫ МІНДЕТТЕР

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс қырық бірінші сессиясы өтті. Сессия жұмысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына және басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар өзекті мәселелер қаралды.

Күн тәртібінде қаралған төрт негізгі мәселе бойынша салалық бөлім басшылары баяндады. Алдымен 2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджетке енгізілетін өзгерістер талқыланды.

Хромтау аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Кенжетай Тілеубаев бюджет қаражатының негізгі бөлігі әлеуметтік салаға, инфрақұрылымды дамытуға және халықтың әл-ауқатын

арттыруға бағытталатынын атап өтті. Ұсынылған өзгерістер депутаттардың көпшілік дауысымен қолдау тапты.

Сессия барысында Хромтау қаласындағы атауы жоқ көшелерге атау беру мәселесі де қаралды. Аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Санжар Жайлыбай бұл бастама қаланың тарихи-мәдени келбетін жүйелеуге бағытталғанын атап өтті. Сонымен қатар учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің құрамына енгізілетін өзгерістер қаралды. Бұл жөнінде Хромтау аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Ақназар Дүйсембай баяндады. Ол өзгерістер сайлау процесінің ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз етуге бағытталғанын жеткізді.

Сессия күн тәртібінде аудандық жер комиссиясының дербес құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Қайрат Елеутов ұсынылған өзгерістер жер қатынастары саласындағы жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Сессия қорытындысы бойынша барлық мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданып, жауапты мемлекеттік органдарға нақты тапсырмалар жүктелді.

Алмат ЗЕЙНОЛЛА

ОНЛАЙН ҚАУІПСІЗДІК — ӘР АЗАМАТТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Аудан әкімдігі ғимаратында «Цифрлық зорлық-зомбылықпен күресейік!» тақырыбында қорытынды кездесу ұйымдастырылды.



Аталған шара 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында өткен республикалық «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 белсенді күн» акциясы аясында өтті. Жастар мен оқушылар арасында цифрлық зорлық-зомбылықтың алдын алу, онлайн кеңістіктегі қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және атқарылған жұмыстардың қорытындысын шығару мақсаты көзделген кездесу аралас форматта, яғни ақпараттық-презентациялық бөлім, пікірталас және тренинг түрінде өткізілді. Жиынға комиссия мүшелері, арнайы психолог пен полиция инспекторы қатысты.

Шараның кіріспе бөлімінде жүргізуші-модератор науқан барысында қарастырылған негізгі бағыттарға тоқталып, цифрлық ортадағы қауіптер мен олардан қорғандық маңыздылығын атап өтті. Одан кейін жастар ресурстық орталығы өкілдерінің қатысуымен дайындалған цифрлық зорлық-зомбылықтың түрлері

мен одан сақтану жолдары туралы авторлық бейнеролик көрсетілді. Бейнероликте аталмыш қауіптің алдын алу шаралары мен негізгі дабылдар түсіндірілді.

Ақпараттық бөлімде аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі Нұргүл Аманғалиева цифрлық зорлық-зомбылықтың түрлеріне, яғни кибербуллинг, бопсалау, жеке деректерді заңсыз тарату, троллинг, хакерлік шабуылдарға тоқталып, оның жастар психологиясына тигізетін кері әсері мен алдын алу жолдарын түсіндірді. Сондай-ақ жеке деректерді қорғау, құпиясөздерді сақтау, екі факторлы аутентификация қолдану және қажет жағдайда құқық қорғау органдарына жүгіну туралы қажетті кеңестер берді.

Келесі бөлімде жүргізуші акция аясында атқарылған жұмыстар туралы қысқаша есеп ұсынды. Аудан көлемінде

88 іс-шара өткізіліп, 700 дана жадынама таратылған. Сонымен қатар, LED-экрандарда тақырыптық бейнероликтер мен ақпараттар жарияланып, ақпараттық сабақтар, семинарлар, сынып сағаттары, тренингтер, психолог кеңестері, әлеуметтік желідегі жарияланымдар, сауалнамалар, флешмобтар мен байқаулар ұйымдастырылған.

Кездесудің келесі бөлімі «Онлайн қауіпсіздік — бәріміздің ортақ міндетіміз» тақырыбында жастар арасындағы пікірталасқа ұласты. Пікірталасқа №3 Хромтау орта мектебінің 11-сынып оқушысы Дәулет Қобыланов және №6 Хромтау орта мектебінің оқушысы Мұхаммед Тайбатыров қатысып, кибербуллингтің зардабы мен алдын алу жолдары туралы өз ойларын бөлісті.

«Сен жалғыз емессің» бөлімінде Хромтау аудандық полиция бөлімінің отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы, полиция аға лейтенанты Кристина Дордый цифрлық зорлық-зомбылыққа ұшыраған жағдайда қайда және қалай хабарласу керектігін түсіндірді.

— Буллингтің түрлері жылдан-жылға кең етек жаюы қоғамның басты дерттерінің бірі болып бара жатыр. Әсіресе, мектеп қабырғасындағы қысым түрлерімен күресте барынша ашық жүйе талап етілуде. Осы орайда, біздер мектеп оқушыларымен, студенттермен және ата-аналармен тығыз жұмыс істейміз. Ішкі істер өкілдеріне тағылатын стереотип те жыл сайын оң бағытқа түзеліп келеді. Оған мысал, мектеп бағдарламасына енген «Адал азамат» тұжырымдамасының үлкен септігі тиесінін атап өткен жөн, — деді ол.

Сонымен қатар «Қамқор» отбасын қолдау орталығының психологы Мәншүк Ізғалиева «Жеке деректерді қорғау және онлайн қауіпсіздік» тақырыбында тренинг өткізіп, қатысушыларға практикалық кеңестер берді.

Кездесу соңында жүргізуші онлайн кеңістіктегі қауіпсіздік әр азаматтың ортақ жауапкершілігі екенін атап өтіп, акцияға белсенді қатысқан жандарға алғыс білдірді. Белсенді қатысушылар Алғыс хаттар және естелік сыйлықтармен марапаттады. Шара ортақ естелік суретке түсумен аяқталды.

Алмат ЗЕЙНОЛЛА

№4 Хромтау орта мектебінде «Айтыс — ұлттық өнер» тақырыбында облыстық семинар ұйымдастырылды. Семинарға аудан мектептерінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері қатысып, ұлттық өнерді оқытудағы озық тәжірибелермен бөлісті.

Іс-шара барысында айтыс ақындарының тәлімгері Оралбай Кәметия «Суырып салма ақындыққа тәрбиелеудің тиімді тәсілдері» тақырыбында баяндама жасап, шәкірттермен жұмыс жүргізудің қыр-сырын ортаға салды. Ал Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №66 орта мектептің мұғалімі Нұрболат Дәуітов «Оқушылардың өлеңге қызығушылығын арттырудың әдіс-тәсілдері» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті.

Айтыскер ақын Айболат Көшкінбай «Айтыс өнерінің негізі — тапқырлық. Айтыстағы жауаптасу мен тиісудің ерекшеліктері және оны меңгеру жолдары» тақырыбында мазмұнды ой қозғап, айтыс өнеріндегі шеберлік пен жылдам ойлаудың маңызын атап өтті. Сонымен қатар жергілікті айтыскер ақын, №4 Хромтау орта мектебіндегі айтыс үйірмесінің же-



ҰЛТТЫҚ ӨНЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ

текшісі Айбол Сағынжанұлы «Қазіргі айтыстағы әлеуметтік ой мен сатира жанрын оқушыларға үйретудің жолдары» тақырыбында шеберлік сағатын өткізді.

Семинарға онлайн платформа арқылы қосылған қатысушылар да назардан тыс қалмай, олар үшін сұрақ-жауап алаңы мен тәжірибе алмасу мүмкіндігі қарастырылды.

Алмат ЗЕЙНОЛЛА

ЗАҢСЫЗ СЫЙАҚЫЛАРҒА ҚАРСЫ ҚАДАҒАЛАУ КҮШЕЙЕДІ

Хромтау ауданы әкімдігінде аудан әкімі Нұрхан Тілеумұратовтың төрағалығымен құқық бұзушылық профилактикасы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссиялардың отырысы өтті. Отырысқа мемлекеттік және құқық қорғау органдарының өкілдері, қала және ауыл әкімдері қатысты.

Комиссия мүшелері нашакорлық пен алкогольге байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын талқылады. Аудан бойынша нарколог маманын жұмысқа қабылдау, шалғай ауылдарға алкогольдік ішімдікті анықтайтын аппарат орнату, ауылдарда ішімдік сататын нысандарда түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағытында тапсырмалар берілді. Сонымен бірге әлеуметтік тәуекелі жоғары отбасылармен жұмысты күшейту, олармен айына екі рет тұрақты кездесу өткізу, жастар арасындағы өзекті оқиғаларға байланысты қолдау шараларын ұйымдастыру міндеттелді. Полиция бөліміндегі кадр мәселесін шешу және мас күйінде ұсталған тұлғаларды қамап ұстау ұйымдары үшін қаржы қарастыру ұсынылды. Келер жылға арналған құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі комиссияның жоспары бекітіліп, оған азаматтарды алаяқтықтан сақтандыруға арналған арнайы бағыт енгізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия отырысында Құдықсай және Аққұдық ауылдық округтерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру мәселелері қаралды. Лауазымды тұлғалардың жеке мүдделерінің қызметтік міндеттеріне ықпал етуіне жол бермеу, заңсыз сыйақыларға қатысты бақылауды күшейту, анонимді байланыс арналарының қолжетімділігін қамтамасыз ету тапсырылды.

Алмат ЗЕЙНОЛЛА



Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасын қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Білім беру ұйымдарында түсіндіру іс-шаралары, ашық сабақтар және дөңгелек үстелдер өткізу, әлеуметтік желілерде ақпараттық материалдарды жүйелі жариялау, жастар ұйымдарымен бірлескен жобаларды күшейту бағыты бекітілді.

Келер жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары бекітіліп, оның орындалуы тұрақты бақылауға алынды. Комиссия тапсырмаларының орындалуы аудан әкімінің орынбасары Сәндібек Жақоновқа жүктелді.

■ ФУТБОЛ

КЛУБ ОЙЫНШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Нұрхан Тілеумұратов «Хромтау» футбол клубының ойыншыларымен кездесті.



Әкімдік ғимаратында өткен кездесу барысында команда мүшелерімен еркін форматта әңгіме өрбіп, спорттағы жетістіктер мен алдағы жоспарлар талқыланды.

Аудан әкімі ойыншыларға алдағы жарыстарда жоғары нәтижелер тілеп, тұрақты жаттығу мен тәртіптің маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, соңғы ойындарда жоғары көрсеткіш көрсетіп жүрген Хромтау командасының жетістігін ерекше атап, жігіттердің еңбегіне жоғары баға берді.

Өз кезегінде клуб ойыншылары көрсетіліп отырған қолдау үшін аудан әкіміне алғыстарын білдіріп, бұл сенімнің олар үшін үлкен мотивация екенін жеткізді. Кездесу соңында аудан әкімі футбол клубының әрбір ойыншысына арнайы спорттық футболкалар табыстап, командаға сәттілік тіледі.

Хромтау футбол клубының спортшылары 20-28 желтоқсан аралығында Тараз қаласында өтетін турға аттанады.

Алмат ЗЕЙНОЛЛА

■ ЖОЛ

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Ауа райының күрт суытуы мен қолайсыздығына байланысты аудан аумағында бірнеше күн қатарынан күшті дауылды боран соқты. Осыған орай республикалық маңызы бар Самара-Шымкент автомобиль жолын уақытша жабу туралы шешім қабылданды.

Қыын жағдайға тап болған жүргізушілер мен жолаушыларға көмек көрсету мақсатында төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары құтқару жұмыстарын жедел әрі жүйелі түрде ұйымдастырды. Жол бойында орналасқан «Темірлан», «Рахат+», «Шерхан» кемпингтері мен «Ислам» қонақ үйіне жүк және жеңіл автокөліктердің жүргізушілері мен жолаушылары эвакуацияланып, қауіпсіздік шаралары күшейтілді.

Атап айтқанда, «Рахат+» кемпингінде тұрақ сыйымдылығына сәйкес 57 көлік орналастырылып, 214 адам қарқуынан аман қалды. Ал «Темірлан» кемпингіне 98 жүк көлігі орналастырылып, 112 адам қауіпсіз жерге жеткізілді. Сонымен қатар, «Шерхан» кемпингінде 329 жүк көлігі мен 31 жеңіл автокөлік тұрақтандырылып, 41 адам арнайы жылыту пунктінде орналастырылды. Бұ-

дан бөлек, кептелісті азайту мақсатында «Аманат» және «Дастархан» кемпингтеріне де бірнеше көлік қойылды. Оқиға орнына жедел жеткен құтқарушылар маңдағы жылыту пункттеріне орналастырылып, қажетті жағдайлар жасалды. Мәселен, «Шерхан» кемпингі маңында қалған автобустың жылыту жүйесі істен шыққаны туралы хабарлама келіп түсті. Оқиға орнына жедел жеткен құтқарушылар көлікте болған 55 жолаушыны қауіпсіз жерге эвакуациялап, жылыту пунктінде орналастырды және автобусқа тиісті техникалық көмек көрсетті.

Бірақ қысқалар сәттен бастап, полиция қызметінің сүйемелдеуімен барлық бағытқа жолдар ашылды. Қазіргі таңда жол қозғалысында еш шектеу жоқ.

Алмат ЗЕЙНОЛЛА

Места размещения агитационных печатных материалов для всех кандидатов в период проведения выборов акима города Хромтау, назначенных на 11 января 2026 года			
№	Наименование города и сельских округов	Наименование города либо населенного пункта	Места для размещения агитационных печатных материалов
1	город Хромтау	город Хромтау	Рядом здания центральной мечети, ул. М.Ауезова, 4А
			автовокзал «Саяхат», улица М.Ауезова, 2В
			Актюбинской области, проспект Абая, 12, рядом здания районного филиала АО «Казпочта»

2026 жылғы 11 қаңтарға тағайындалған Хромтау қаласы әкімінің сайлауын өткізу кезеңінде барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары			
№	Қала және ауылдық округтердің атауы	Қала немесе елді мекен атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар
1	Хромтау қаласы	Хромтау қаласы	Орталық мешіт ғимараты маңы, М.Ауезов көшесі, 4А
			«Саяхат» автобекеті маңы, М.Әуезов көшесі, 2В
			Абая 12, «Казпочта» АҚ аудандық филиалының ғимаратының қасы

2026 жылғы 11 қаңтарға тағайындалған Хромтау қаласы әкімінің сайлауын өткізу кезеңінде барлық кандидаттар үшін сайлаушылармен кездесу орындары		
№ р/н	Елді мекеннің атауы	Сайлаушылармен кездесу үшін шарттық негізде берілетін орындар
1	Хромтау қ.	Хромтау қаласы, М.Әуезов көшесі №126 мекен-жайы бойынша орналасқан Хромтау №6 мектеп гимназиясы ғимаратында
2	Хромтау қ.	Хромтау қаласы, Есет батыр көшесі №9 мекен-жайы бойынша орналасқан Хромтау тау кен жоғары колледжі ғимаратында
3	Хромтау қ.	Хромтау қаласы, Республикi көшесі №764 мекен-жайы бойынша орналасқан Хромтау №7 мектеп гимназиясы ғимаратында
4	Хромтау қ.	Хромтау қаласы, Л.Шилковский көшесі № 8 Б мекен-жайы бойынша орналасқан №1 Хромтау орта мектебі ғимаратында
5	Хромтау қ.	Хромтау қаласы, Н.Курченко көшесі №1 мекен-жайы бойынша орналасқан Хромтау №2 мектеп гимназиясы ғимаратында
6	Хромтау қ.	Хромтау қаласы, Абай даңғылы №7 мекен-жайы бойынша орналасқан №3 Хромтау орта мектебі ғимаратында
7	Хромтау қ.	Хромтау қаласы, Әйтеке би көшесі №57 мекен-жайы бойынша №5 Хромтау гимназиясы» ғимаратында
8	Хромтау қ.	Хромтау қаласы, М.Әуезов көшесі №5 мекен жайы бойынша орналасқан №4 Хромтау орта мектебі ғимаратында
9	Хромтау қ.	Хромтау қаласы, Ә.Молдағұлова көшесі №7 мекен жайы бойынша орналасқан Мектептен тыс білім беру орталығы ғимаратында
10	Хромтау қ.	Хромтау қаласы, 22 квартал ауданы мекен жайы бойынша орналасқан Хромтау аудандық мәдениет және спорт орталығы ғимаратында

Места встреч с избирателями для всех кандидатов в период проведения выборов акима города Хромтау, назначенных на 11 января 2026 года		
№ п/н	Наименование населенного пункта	Помещения, предоставляемые кандидатам на договорной основе для встреч с избирателями
1	г.Хромтау	В здании Хромтауской школы гимназии №6, расположенного по адресу: город Хромтау, улица М.Ауезова, 12Б
2	г.Хромтау	В здании Хромтауского горно-технического высшего колледжа, расположенного по адресу: город Хромтау, улица Есет батыра, 9
3	г.Хромтау	В здании Хромтауской школы гимназия № 7, расположенного по адресу: город Хромтау, улица Республика 764
4	г.Хромтау	В здании Хромтауской средней школы №, расположенного по адресу: город Хромтау, улица Л.Шилковского, 8 Б
5	г.Хромтау	В здании Хромтауской гимназии №2, расположенного по адресу: город Хромтауулица Н.Курченко дом №1
6	г.Хромтау	В здании Хромтауской средней школы №3, расположенного по адресу город Хромтау, проспект Абая 7
7	г.Хромтау	В здании Хромтауской гимназии №5, расположенного по адресу: город Хромтау, улица Әйтеке би 57.
8	г.Хромтау	В здании Хромтауской средней школа№4», расположенного по адресу: город Хромтау, улица М.Ауезова, 5
9	г.Хромтау	В здании Центра внешкольного образования, расположенного по адресу: город Хромтау, улица А.Молдағұловой 7.
10	г.Хромтау	В здании Хромтауский районный центр культуры и спорта, расположенного по адресу: город Хромтау, район 22 квартал

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңына сәйкес, 2026 жылғы 11 қаңтарға тағайындалған Хромтау ауданы Хромтау қаласы әкімінің сайлауына байланысты кандидаттарға аудандық «Хромтау» газеті бетінен орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

- Сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру қара-ақ түсті орындауда 1 шаршы см құны – 350 теңге;
- Сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру түрлі-түсті орындауда 1 шаршы см құны – 400 теңге;
- Үміткерлер ұсынылатын мәтіндік, фото, т.б. материалына өтініш-хатпен бірге өз қолымен (әр бетке) немесе сайлауалды үгіт құжаттарына қол қою құқығына кандидаттық сенімхаты бар тұлғаның міндетті түрде қолы қойылады;
- Сайлауалды үгіт материалы оны қаржыландыру көзі туралы ақпаратпен қоса беріледі;
- Макет жасау мен баспа орнын ұсыну үшін 100 пайыздық алдын ала төлем жасалады;
- Сайлауалды үгіт материалдарын берудің соңғы мерзімі 2026 жылғы 5 қаңтар күнгі жер-гілікті уақытпен сағат 12.30-ға дейін деп белгіленеді;
- Форс-мажорлық жағдайлар Қазақстан Республикасының жалпы белгіленген қолданыстағы заңдарымен анықталады.

Ескерту: Осы шарттарға Орталық сайлау комиссиясы түсіндірмелеріне сәйкес қосымшалар, өзгерістер енгізілуі мүмкін.

«Хромтау» газетінің редакциясы

ПОЛОЖЕНИЕ

о размере, условиях и порядке оплаты предоставления площади в районной газете «Хромтау» кандидатам на должность акима города Хромтау Хромтауского района на выборах, назначенных на 11 января 2026 года, в соответствии с Конституционным законом РК «О выборах в Республике Казахстан»

- Размещение предвыборных агитационных материалов в черно-белом исполнении: стоимость 1 кв. см – 350 тенге;
- Размещение предвыборных агитационных материалов в цветном исполнении: стоимость 1 кв. см – 400 тенге;
- На представляемых кандидатами текстовых, фото- и других материалах обязательно должна быть подпись кандидата, заверенная собственноручно (на каждой странице), либо подпись уполномоченного доверенного лица, имеющего право подписи предвыборных агитационных документов;
- Предвыборный агитационный материал предоставляется вместе с информацией об источнике его финансирования;
- За изготовление макета и предоставление печатной площади производится 100-процентная предоплата;
- Окончательный срок предоставления предвыборных агитационных материалов устанавливается до 12:30 часов по местному времени 5 января 2026 года;
- Форс-мажорные обстоятельства определяются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

Примечание: В данные условия могут быть внесены дополнения и изменения в соответствии с разъяснениями Центральной избирательной комиссии.

Редакция газеты «Хромтау»



От жағу маусымының басталысымен өрттің туындау және адамдардың тұншықтырғыш газбен улану қауіпі жоғарылайды. Сондықтан осы кезде өрт қауіпіне қарсы күрес жүргізіп, оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ең басты мәселе — адам өмірі мен мемлекеттің мүлкін өрттен қорғау.

- Тұншықтырғыш газ (СО) — дәмі мен иісі жоқ түссіз газ, құрамында көміртегі бар кез келген отын, бензин, солярка, мазут, табиғи газ, көмір, ағаш отынының толық жанбауының өнімі.
- СО-мен уланудың көп таралған себептері:
- пеш пен жылыту пайдалану ережелерін бұзу — ақуалды түтіндік, пеш құрылғысындағы жарықтар;
 - қозғалтқыштың тұйықталған кеңістіктегі жұмысы, мысалы гараждағы автөкелік қозғалтқышы;

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗ: БІР СӘТТІК САЛҒЫРТТЫҚ — ҮЛКЕН ҚАТЕР

- бөлмені жылыту үшін тұрмыстық газ құралдарын пайдалану;
 - газ бағаншасынан шығатын дұрыс циркуляциялы сорғыштың жоқтығы.
- СО-мен улану белгілері:
- Бастағы ауырлық пен тамыр соғуы, бас ауруы, тұншығу, құлақтағы шуыл, бас айналу, кеуде ауруы, құрғақ жөтел, лоқсу, құсу, құлақ бітелу.
- СО-мен улану кезіндегі алғашқы жәрдем:
- Зардап шегушіні СО әсер ету аймағынан тез шығару, таза ауаның кіруін қамтамасыз ету (жепдеткіш, есік ашу және т.б.);
 - Зардап шегуші есін білетін болса, мүсәтір спиртін иіскету, денесін сылау, қою

шай немесе кофе ішкізу, жедел жәрдем бригадасын шақыру;

З. Зардап шегуші естен танып қалса, есін жиганға дейін немесе жедел жәрдем бригадасының келуіне дейін дереу қолдан дем алдыру қажет.

Біз жоғарыда от жағу маусымы кезіндегі қарапайым өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын келтірдік. Сондықтан ауданымыздың әрбір тұрғынына өрттерден түрлі зардаптар келмес үшін, сақтық шараларын орындау кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескертеміз.

Хромтау ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

«ҚАЗГЕОРУД» ЖШС

«Лиманое кен орнын жою жоспары» жобасы бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Тапсырыс беруші: «Қазгеоруд» ЖШС, ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Маресьев көшесі, 4Г үй, 050640010572, Жолдыбаев Ж., +77023332455.

Жобаны өзірлеуші: «Tau Engineering and Consultants» ЖШС, ҚР, Алматы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 5-Үй, Н.П. 13, тел. 8-701 705-05-80.

Жобалық құжаттамамен <https://ndbecology.gov.kz/> сайттында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> сайтында 10 жұмыс күні мерзімінде қабылданады (Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларының 43-тармағы, 3 тармақша).

Жария талқылауды өткізу мерзімі 08.01.2026 бастап 10 жұмыс күні ішінде.

Қосымша ақпаратты, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін мына телефон бойынша сұратуға болады: +77023332455.

ТОО «КАЗГЕОРУД»

сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту «План ликвидации месторождения Лиманное.

Заказчик: ТОО «КазГеоруд», РК, Актюбинская область, Актобе г.а., г.Актобе, район Астана, улица Маресьева, дом 4г, 050640010572, Жолдыбаев Ж., +77023332455.

Разработчик проекта: ТОО «Tau Engineering and Consultants», РК, Алматы, Бостандыкский Район, Проспект Аль-Фараби, Дом 5, Н.П. 13, тел. 8-701 705-05-80.

С проектной документацией можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок 10 рабочих дней на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> (согласно пп. 3 п.43 Правил проведения общественных слушаний).

Срок проведения публичных обсуждений с 08.01.2026 в течении 10 рабочих дней.

Дополнительную информацию, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по тел. +77023332455.

ОБЪЯВЛЕНИЯ

Открыто наследственное дело на имя Абуева Тулиген Касеновича 03 июля 1952 года рождения, умершего 23 августа 2025 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул Абая 1, к нотариусу Козбагарову К.К.

Открыто наследственное дело на имя Ерназарова Серик Ботабаевича 06 августа 1965 года рождения, умершего 09 июня 2008 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул. Абая 3, к нотариусу Беркимбаеву О.К.

Открыто наследственное дело на имя Абзовой Алипа Ибраевны 01 января 1937 года рождения, умершей 30 июня 2025 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул Абая 1, к нотариусу Козбагарову К.К.

Открыто наследственное дело на имя Гопоненко Наталья Дмитриевны 11 июля 1983 года рождения, умершей 04 декабря 2025 года. Наследникам

следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул Абая 1, к нотариусу Козбагарову К.К.

Открыто наследственное дело на имя Зарипова Виталий Римовича 04 августа 1983 года рождения, умершего 21 сентября 2025 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул Абая 1, к нотариусу Козбагарову К.К.

Пропуск на имя Тлеуманбет С.А. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Избасқанова А.К. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Аманкелдиевой А.Б. в связи с утерей считать недействительным.

Удостоверение личности, водительская права и банковские карточки (Kaspi.kz, Halyk) в связи с утерей на имя Гайдарь Сергей Сергеевича считать недействительным.

Пропуск на имя Кеулімжаева Ә.Қ. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Асабаева А.Е. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Курганбекова Д.С. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Елубаевый Ж.Е. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Зарипова С.Т. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Төрткілбай А.А. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Койшыбекова Н.Ж. в связи с утерей считать недействительным.

Меншік иесі «Хромтау» газеті редакциясы» ЖШС

Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 жылдың 22 желтоқсанында тіркеліп №15026-Г куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Редакцияға түскен қолжазбалар қайтарылмайды. Кей суреттер интернеттен алынады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Редакция мекенжайы:

Хромтау қаласы, Куразов көшесі, 9

телефон: 27-7-45

ХРОМТАУ

Директор-редактор Қуандық РЕЙМОВ

«Хабар-Сервис» баспаханасында басылады. Ақтөбе қаласы, Ә.Смағұлов көшесі, 9 «К»

Басылу сапасы жөнінде 40-04-00 телефонына хабарласуға болады

Газет аптасына бір рет шығады.

Таралымы 1820 дана. Тапсырыс №1431

Көлемі 1 баспа табак, индексі 65520